

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BGQF1973>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Искакова З. С., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF2009>***Н. Серікбек¹, Б. С. Сарбасов²**^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8949-6265>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5635-7269>*e-mail: nura_snd@mail.ru

ТҮРКІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУ МОТИВИ

Көне түркі жазба әдеби мұралары «Қорқыт ата кітабы», «Оғыз-наме», «Шыңғыснама» туралы көне миф, аңыз-әңгімелердегі діни мифологиялық көріністерге талдау жасайды. Түркі ескерткіштеріндегі гажайып туу мотивін зерттеу мәселелері фольклортанушылармен қатар, дін тарихын зерттеуші ғалымдар мен этнографтардың назарын аударған өзекті мәселенің бірі деп қараған жөн.

Бұл мақалада ежелгі оғыз және түркі тайпаларының таралуы, олардың дүниеге келуі туралы мифтерге тән тотемдік наным-сенімдер мен фольклорлық мифтердің сипатталуы сөз болады. Түркі халықтарының эпикалық дәстүріндегі гажайып туу бейнелері – көне наным-сенімдер мен дүниетанымының көрінісі ретінде қарастырылады. Бұл мақалада «Оғызнама», «Шыңғыснама», «Қорқыт ата кітабы» мен «Манас» эпостарындағы кейіпкерлердің ерекшелігін айқындауға бағытталған көркемдік тәсілдер талданады. Зерттеу барысында Оғыз, Қорқыт, Шыңғыс хан сияқты тарихи-мифологиялық тұлғалардың дүниеге келуіне қатысты аңыздар мен шежірелер негізге алынып, гажайып туу мотивінің мағынасы ашылады. Бұл сарындар арқылы кейіпкерлердің өзгеше болмысы мен қасиеттілігі бейнеленеді. Сонымен қатар, түркі-монғол тайпаларының шығу тегі туралы шежірелік деректер мен аңыздар гажайып туу феноменін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Аталған мотив түркі фольклорына ғана емес, сонымен қатар жаһандық мифологиялық кеңістікке тән екендігі дәлелденеді. Осы тұрғыдан алғанда, гажайып тууға байланысты көріністер тек ұлттық әдебиет қана емес, бүкіл әлемдік фольклордағы ортақ көркемдік заңдылықтардың бірі ретінде қарастырылады.

Түркі ескерткіштеріндегі бұл сияқты фольклорлық мотивтер қазіргі әдебиеттанудағы өзекті зерттеу нысандарының қатарына жатады.

Кілтті сөздер: Түс қору мотиві, ғажайып туу мотиві, Тәңірлік дін, анимистік, тотемдік наным-сенімдер.

Кіріспе

Адамзат өркениетінің әрбір даму кезеңінде мәдениет өзіндік сипаты мен қайталанбас болмысымен ерекшеленіп отырды. Ұлттың таным-түсінігі, өмірлік философиясы мен қоршаған ортаға деген көзқарасы түрлі көркем формаларда көрініс табуы – заңды құбылыс.

Фольклорлық мұралар бір ғана этностың шеңберінде қалып қоймай, көршілес халықтар арасында да кеңінен таралған. Қазақ халқының эпикалық дәстүрінде жиі кездесетін ғажайып туу сюжеттері түркі халықтарының басқа да фольклорлық шығармаларында ұшырасады. Бұл құбылыс – бабаларымыздың дүниежүзілік мәдениетке қосқан үлесінің, өзге өркениеттермен рухани байланысының көрінісі.

Сонымен қатар, бұл туындылар әлем халықтары арасындағы тарихи-мәдени ықпалдастықтың айқын дәлелі болып саналады. Мәселен, «Қорқыт ата кітабындағы» Бұқаш батыр, «Құпия шежіредегі» Шыңғыс хан, «Оғызнамадағы» Оғыз батыр, сондай-ақ Алпамыс пен Қобыланды сияқты қазақ эпосының қаһармандарының дүниеге келуі мен жастайынан ерекше ерлік көрсетуі – осы көркемдік дәстүрдің нақты мысалдары.

Мысалы, Шыңғыс ханның өмірге келуі XII-XIII ғасырлардағы көшпенділер шежіресі болып табылатын «Моңғолдың құпия шежіресі» атты кітапта былай суреттеледі:

«Сол кезде Есүкей батыр татардың Темүжін-үкі, Қори-бұқа деген адамдарын ұстап әкелгенде, екіқабат Уәлін-үжіннен Онынның бұлтық деген жерінде Шыңғыс хаған турады. Шыңғыс қаған туғанда, оң қолымен асықтай қан шеңгелдей туылыпты. Татардың Темүжін-үкісін ұстап әкелгенде туды деп ырымдап, атын Темүжін деп қойыпты» [1, 35-б.]. Дәл осы кітаптың «Темүжіннің тегі мен балалық шағы» атты бірінші бөлімінде Шыңғыс қағанның түп атасы Бөрте-бөрі, анасы Марал сұлу деп келтіріледі. Бұрхан-Қалдун тауын мекен еткен кезде, Бөрте-бөрі мен Марал сұлудан Батшаған деген ұл өмірге келеді. Дәл осыдан әрі қарай ұрпақ сабақтастығы былай жалғасады:

- 1 Батшаған
- 2 Тамаша
- 3 Қоришар мерген
- 4 Ужым-бурыл
- 5 Сәл-қашау

6 Икінудін (Бадырақкөз)

7 Шінсоши

8 Қаршу

9 Боржығыдай мерген

10 Торғылжын бай

Торғылжын бай мен Борықшы сұлудан маңдайына біткен жалғыз көзі үш көш жерді көретін қасиетке ие Дуба соқыр мен Добұн мерген деген екі ұл өмірге келеді. Екеуі бірігіп Бұрхан-қалдун тауына шыққан кезде, Дуба соқыр Теңлік бұлағына көшіп келе жатқан көштен бітеу арбаның алдында отырған сұлу қызды көреді. Хас сұлудың некелі жары болмаса бауыры Добұн мергенге айттырып алып бермек болып, бауырын Алұн сұлумен тілдесіп келуге жібереді. Добұн мерген мен Алұн сұлудан Бүгінүтей мен Белгінүтей атты екі ұл дүниеге келеді. Кейін Добұн мерген өлген соң да, Алұн сұлудан Бұқа-қатық, Бұқаты-салжы, Бодыншар-мәжнүн деген ұлдарды өмірге әкеледі. Алұн сұлу үлкен екі ұлының артынан ерген үш бауырының әкелері қайтыс болғаннан кейін қалай өмірге келгенінен күмәнданғанын естіген соң, бесеуін жинап алып былай түсіндіреді: «Түн сайын бір ақсары адам біздің үйдің шаңырағын жап-жарық қып келіп, менің құрсағымды сипағанда, оның нұры жатырыма сіңіп кететін. Ол адам (шығар) күн мен (батар) айдың арасында сары итше еркелеп шығып кететін. Бұл жайды білмей жатып, неменеге күмәнданасыңдар? Алланың асасынан берген ұлдар ғой бұлар. Оларды тобырларға теңеуге бола ма? Қарапайым адам хаған болса ғана оның мәнін түсінер», – дейді [1, 28-6.].

«Темучин анасынан дүниеге енді,

Бір қолының алақаны жұмық еді.

Қатындар қызмет еткен қарағанда,

деп жырласа, «Қисса Наурызбай» дастаны да бұл эпизод қайталанады.

«Қасым хан өзге ұлынан асып туған,

Көңілін дұшпанының басып туған.

Қарнында анасының қан шеңгелдеп,

Қызартып екі көзін ашып туған» [1, 62-6.].

Махмұт Қашқари жазбаларынан белгілі болғандай, Қорқыт ата тұлғасы халық жадында ерекше сипатталған. Ел аузындағы аңыздарға сүйенсек, Қорқыттың дүниеге келуі де әдеттегі қалыптан тыс, тылсым сипатта суреттеледі. Аңыз бойынша ол Сырдария өзенінің бойында дүниеге келіп, жарық дүние есігін ашқанда алғаш сөйлеп туылған деседі. Бұл жөнінде халық фольклорында сақталған мынадай жолдардан байқауға болады:

«Қорқыт туар кезінде,

Қараспанды су алған,

Қара жерді құм алған,

Ол туарда ел қорқып,

Туған соң әбден қуанған» [2, 4-5-бб.].

Академик М. Ғабдуллиннің: «Халық әдебиеті жағымды батырлар образын жасағанда, олардың мықты, күшті екендігін, сырт келбетін айтқанда, «арыстандай», «жолбарыстай жүректі» деп отырады. Мұның бәрі ауыз әдебиетінде образ жасау, жақсы теңеу табу, салыстыру үшін қолданылған» [3, 48-б.] – деп жазғанын ескерсек, «Оғыз-наме» шығармасында Оғыз батырдың бейнесін сомдау барысында қолданылған «аяғы өгіздің аяғындай», «белі бөрі беліндей», «жауырыны бұлғын жауырынындай», «кеудесі аю кеудесіндей» тәрізді бейнелі теңеулер – қаһарманның ерекше тұлғасын көз алдыға келтіретін айшықты көркемдік құралдар санатында. Бұл теңеулер батырдың алып тұлғасын асқақ сипатта суреттеп, мифтік-эпикалық сипат береді. Осыған қарап-ақ, өгіз, аю, бұлғын, бөрі, т.б. ежелгі түркілердің тотемдері болған жануарлар атауларының біз сөз етіп отырған ескерткіште аса мол қолданылғандығын айта аламыз.

Мұндай көркемдік дәстүр қырғыз елінің «Манас» эпосында да көрініс береді. Мұнда Манас батырдың келбеті, дүлей күш-қайраты Оғыз батырды ойға түсіреді. Мәселен, «Манас» эпосындағы мына жыр жолдарына назар аударсақ:

«Қаны бір қара, беті көк,

О, міне, үлкен тай серфері болды.

Егер сіз мана батыр сұрасаңыз –

Көкжал бір төбет бөрі еді.» [4, 28-29-бб.].

Ғажайып туу мотивінің адамзат өркениетінің түрлі кезеңдеріндегі көрінісін, әр фольклорлық жанрдың дамуына, мазмұндық ерекшелігі мен идеялық бағытына байланысты қалай түрленгенін, сондай-ақ бұл мотивке дәуір талабына сай айтушылардың дүниетанымы әсер еткенін зерттеу — бүгінгі күнге дейін толықтай аяқталған, түбегейлі шешімін тапқан мәселе деп айту қиын.

Материалдар мен әдістері

Ежелгі заманда көрініс тапқан бұл мотив басында мифтің бір эпизоды ғана емес, өз алдына жеке антропогоникалық миф ретінде айтылған. Алғашқы адамдардың пайда болуы және құдайлар туралы әңгімелер антропогоникалық мифтер жүйесін құрайды.

Ғажайып туу мотивін аналық ру заманында пайда болған түсініктермен байланысты қарастыруға болатынын ғалым А. Н. Веселовский өзінің «Историческая поэтика» атты еңбегінде ғылыми тұрғыдан дәлелдеген [5, 538-539-бб.]. Бұл мотив сол дәуірдегі адамзаттың дүниеге келуі туралы түсініктердің — яғни, әйел бойына қасиетті тотем рухының қонуы арқылы өмірдің пайда болуы жөніндегі қарабайыр наным-сенімдердің көрінісі ретінде қарастырылады. Дегенмен, кейбір этностардың генеалогиялық

аңыздарында керісінше, тектің шығу тегі ер адаммен байланыстырылып баяндалады. Мұндай мифтерде кейіпкер киелі тотеммен некелесіп, содан тараған ұрпақ арқылы өзінің ерекше тектілігін негіздейді.

«Оғыз-наме» атты жазба эпос мұрасы он жеті тараудан тұрады. Сол бөлімдердің бірі – «Оғыз қағанның дүниеге келуі мен балалық шағы туралы баяны» деп аталады. Ғажайып туу мотивінің кең таралған бір түрі – кейіпкердің күн нұрынан жаралуы. Бұл көркемдік тәсіл әлем халықтарының ауыз әдебиетінде жиі кездесетін универсалды мифологиялық сарындардың бірі болып табылады. Түркі-моңғол халықтарының фольклорында бұл мотивтің қалыптасуына ықпал еткен дүниетанымдық және діни көзқарастар арнайы зерттелген. Атап айтқанда, күн нұрынан туу туралы түсінік көне дәуірлердегі шаманизмнің ықпалымен тығыз байланысты. Шамандық сенім жүйесінде күн, ай және көк аспан – киелі күштердің символдары ретінде қабылданған. Уақыт өте келе бұл нанымдар «Көк Тәңірі» ұғымының пайда болуына негіз болды, ол кейіннен тәңірлік дүниетанымның басты концептісіне айналды [6, 20-6.].

Түркі-моңғол халықтарының аңыздары мен ертегілерінде кейіпкердің күн сәулесінен дүниеге келуі туралы мотив ежелгі діни наным-сенімдердің ықпалымен қалыптасқан мифологиялық түсініктермен тығыз байланысты. Белгілі фольклортанушы В. Я. Пропп өз еңбектерінде ғажайып туу мотивінің архаикалық қоғамдарда кең таралғанын атап көрсетеді. Ол адамзаттың мәдени дамуының бастапқы кезеңдерінде бұл мотив әмбебап сипатта қабылданғанын жазады. Патшалар мен құдайлар ерекше тууымен ерекшеленіп, олардың билігі мен мәртебесі осындай тылсым бастау арқылы негізделген. Мысыр билеушілері өз шежірелерін Күн құдайы Раға тіреген болса, ұқсас сенімдер үнді және қытай монархиялық дәстүрінде де кездеседі [7, 207-208-бб.].

Қазақ аңыз-әңгімелерінде ғажайып туу мотиві көбіне Шыңғыс хан тұлғасымен байланыстырыла суреттеледі. Мәселен, «Еңсегей бойлы ер Есім» атты жырда Есім ханның арғы тегі саналатын Шыңғыс ханның күн сәулесінің әсерінен дүниеге келгені баяндалады. Осындай сипаттағы көрініс «Оғыз-наме» эпосында да орын алады: онда Оғыз қағанның анасы Ай қаған күн нұрынан жүкті болады. Екі туындыда да бұл мотив бір сарында өрбіп, кейіпкердің тылсым болмысын айқындауға бағытталған көркемдік тәсіл ретінде қызмет атқарады [8, 75-77-бб.]. Бұл аңыздың қазақ және моңғол халықтары арасында тараған нұсқаларын салыстыра қарастырған зерттеушілердің пікірлері бір ортақ тұжырымға келіп тоғысады. Олар кейіпкердің күн сәулесінен жаралуы түркі тектес және моңғол этностарының фольклорына тән тұрақты мифологиялық мотив екендігін дәлелдеген.

А. Н. Веселовский өз еңбектерінде кейіпкердің күн нұрынан дүниеге келу мотивінің қазақ және татар халықтарының ауыз әдебиетіне тән екендігін

атап көрсетеді. Ол бұл мотивтің түрлі нұсқаларын нақты аңыздар мен мифтер арқылы талдап, мысалдар келтіреді. Зерттеуші, сондай-ақ, кейбір татар тайпалары өз тегін Аланкуа есімді әйел тұлғамен байланыстыратынына назар аударады [5, 535-6.]. Қазақ фольклорында ғажайып туу мотивінің ежелгі формалары Оғыз хан, Қорқыт және Шыңғыс ханның дүниеге келуіне қатысты шежірелік әңгімелер мен аңыздарда айқын көрініс табады.

Ғажайып туу мотивін жан-жақты түсіну үшін оны әлем халықтарының фольклорындағы ортақ үлгілермен салыстыра отырып, типологиялық және тарихи-салыстырмалы әдістер арқылы зерттеу қажет. Себебі, Батыс Еуропа мен Орта Азия елдерінің фольклорлық мұраларында мазмұндық және құрылымдық жағынан ортақ сарындар мен ұқсас сюжеттер жиі кездеседі. Бұл жағдай адамзаттың тарихи дамуы барысында ұқсас мәдени кезеңдерді бастан өткеруімен байланысты.

Түркі халықтарының феодалдық дәуірінде қалыптасқан эпикалық дәстүріндегі типологиялық ерекшеліктерді белгілі ғалым В. М. Жирмунский өзінің «Тюркский героический эпос» атты еңбегінде жан-жақты талдаған [9, 5-6.].

«Фольклор и действительность» атты еңбегінде В. Я. Пропп ғажайып туу мотивінің ең көне фольклорлық жанрлардағы шығу тегі мен негіздерін терең талдайды. Зерттеуші бұл мотивтің мифологиялық наным-сенімдермен, культтік дәстүрлермен тығыз байланыста дамығанын атап көрсетіп, оның көркемдік тәсілге айналуына дейінгі эволюциялық жолын ғылыми тұрғыдан қалпына келтіреді [7, 205-239-66.].

Эпикалық шығармаларда қаһарманның дүниеге келуі ерекше сипатта бейнеленеді, алайда бұл мотивтің бастапқы нұсқасы мен мәні уақыт өте келе өзгеріске ұшырағаны байқалады. Батырлық эпостардың классикалық үлгілерінде кейіпкер табиғи жолмен, ата-ананың некесі нәтижесінде дүниеге келеді. Дегенмен, болашақ батырға анасының жүкті болуына тылсым күштердің араласуы міндетті түрде айтылады. Осылайша, эпикалық жырларда ғажайып туу мотиві ертегідегі нұсқасына қарағанда өзгеше сипат алып, нақты өмірмен астастырыла беріледі. Бұл жөнінде фольклортанушы ғалым Ш. Ыбыраев: «Эпос поэтикасы батырдың керемет тууын қажет етеді. Өрі бұл мотив батырдың айрықша жаратылысын, өзгелерге ұқсамайтын дара бітімін куәландыратын шындық ретінде алынады. Көптің бірі атқара алмайтын істі туысынан тотем бабалар, аруақтар, пірлер назарында жүрген батырлар ғана атқара алады [10, 230-б.], – деп жазады.

Эпосты жырлаушы қаһарман бейнесін айрықша көрсету мақсатында ғажайып туу мотивін әртүрлі көркемдік тәсілдермен түрлендіріп береді. Мысалы, болашақ батырдың болмысын алдын ала айқындайтын маңызды элементтердің бірі – анасының жүктілік кезеңінде ерекше күшті жыртықшы аңдардың етіне жерік болуы. Бұл тәсіл кейіпкердің болашақ мінезі мен

ерлік қасиеттерін алдын ала меңзеу үшін қолданылатын символикалық белгі ретінде маңызды қызмет атқарады.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу жұмысының нәтижесін фольклортанудың мәселелерімен айналысатын жоғарғы оқу орнының студенттері, магистранттар мен докторанттар, әдебиеттанушы мамандар пайдалануына болады. Сондай-ақ, мектеп бағдарламасындағы Көне түркі әдебиетін оқытуда мұғалімдердің де қолдануына оңтайлы.

Фольклортанушы ғалымдар М. Ғабдуллин мен Т. Сыдықов «Қазақ халқының батырлық жыры» атты еңбектерінде халықтың сыртқы және ішкі жаулардан қорғануға, бейбіт өмір мен молшылыққа жетуге деген ұмтылысы «Қобыланды батыр» жырының мазмұндық негізін құраған идея екенін атап көрсетеді. Зерттеушілер жырдың экспозициясында қаһарманның ғажайып түрде дүниеге келуі – халықтың арман-тілегін жүзеге асырушы батыр тұлғасын көркем бейнелеудегі маңызды тәсілдердің бірі екеніне ерекше мән береді [2, 224-б.].

В. М. Жирмунский өзінің «Тюркский геройский эпос» атты белгілі еңбегінде Орта Азия мен Қазақстан халықтарына ортақ «Алпамыс батыр» жырының түрлі нұсқаларын салыстыра отырып, эпикалық шығармаларда кездесетін қаһарманның дүниеге келу мотивінің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін талдайды. Зерттеуші ғажайып туу сарынының әртүрлі эпостарда белгілі бір құрылымдық тұрақтылықпен қайталанатынына назар аударып, бұл құбылысты салыстырмалы фольклортанулық тұрғыдан пайымдайды [9, 74-б.]. Батырлардың ғажайып тууына қатысты сюжеттерді зерттеу нәтижелері қазақ фольклортану ғылымында кеңінен қарастырылған. Бұл тақырып бойынша М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, М. Ғабдуллин, Қ. Жұмалиев, Т. Сыдықов, О. Нұрмағанбетова, С. Қасқабасов, Ш. Ыбыраев сынды белгілі зерттеушілердің еңбектерінен мол мәлімет алуға болады.

С. А. Қасқабасов «Ертең пен эпостың сюжеттік типологиясы» атты зерттеуінде ғажайып туу мотивін ертегі мен эпос жанрларындағы тұрақты құрылымдық элементтердің бірі ретінде қарастырады. Зерттеушінің пайымдауынша, мұндай мотивтердің ұқсастығы көбінесе олардың сыртқы формасына байланысты көрінеді.

Мәселен, Тотем-баба мотиві матриархат дәуіріне тән тотемдік дүниетаным негізінде қалыптасқан болса, ал батырдың ата-баба рухтарының немесе әулие-әнбиелердің жәрдемімен дүниеге келуі сарыны шамандық сенімдер мен кейінгі ислам дінінің ықпалымен байланыстырылады.

Ғалымның пайымдауынша, ертегі жанрында бұл мотив бастапқы мифтік нұсқасына жақын күйінде сақталса, эпоста ол болашақ қаһарманның ерекше болмысын айқындайтын көркемдік тәсіл ретінде қызмет атқарады [6, 242-266-бб.].

Эпикалық жырларда кейіпкердің ерекше жағдайда дүниеге келуін сипаттайтын бірнеше мотив қатар қолданылуы мүмкін. Бұл мотивтердің жыр құрылымындағы орны мен мазмұндық сипатына қарай аталу ерекшеліктерін ғалым Ш. Ыбыраев «Қазақ-оғыз эпостарындағы тегі бір желілер және олардың өзгеруі» атты мақаласында жан-жақты сипаттайды. Зерттеуші эпостың экспозициясы алдымен болашақ қаһарманның отаны, ата-анасы, байлығы мен тыныш өмір сүрген мекені туралы баяндаудан басталып, кейін жыршы баяндауды біртіндеп перзентсіз ата-ананың тағдырын сипаттауға ауыстыратынын көрсетеді.

Ш. Ыбыраев эпостың кіріспе бөлігіндегі осы екі негізгі көркемдік компонентті мотив-суреттеу және мотив-ситуация деп жіктейді. Ол баласыздық жағдайының тууын екі түрлі себеппен байланыстыра қарастырып, жырдағы сюжеттік құрылымның терең мазмұндық мәнін ашады [11, 270-66.].

Мифологиялық мәтіндерде Тәңірі бейнесі айқын көрініс табады. Бұл ұғымның тамыры көне түркі дәуірінен де ерте кезеңдерге барып тірелуі мүмкін. Орта ғасырлардағы моңғол мифологиясында да Тәңірі бейнесі өз жалғасын табады.

Моңғолдардың шамандық нанымдарына негізделген мифологиялық мәтіндерде «Тәңірі» сөзіне көбінесе «хан» атауы қосылып айтылады («Хан-Тәңірі»). Мұндай мәртебелі атаулар Тәңірінің игі, күдіретті сипаттарын білдіру мақсатында қолданылған. Бұл ұғымдар «мәңгі көк аспан» (Мөнх Тэнгэр), «Хан-Мөнх Тэнгэр» секілді күрделі атау түрінде де кездеседі.

Уақыт өте келе бұл сөздің мағынасы кеңейіп, аңыздар мен діни-философиялық түсініктерде «Тәңірі» жоғары аспан құдайы ретінде сипатталып, жалпылама «Құдай» мағынасында қолданыла бастаған [12, 501-6.].

Ұмай ана культінің түркі халықтарының мифологиялық жүйесіндегі орнына қатысты В. Басилов маңызды деректер келтіреді. Ғалымның пайымдауынша, Ұмай – көне түркілер дүниетанымында Тәңірінің жер бетіндегі әйел кейіпіндегі бейнесі, яғни жер құдайы ретінде танылған. Ол табиғаттың өсіп-өнуі мен тіршіліктің жалғасуына жауапты күш иесі ретінде бейнеленіп, Жер-ана бейнесінде қабылданған.

Түркі тектес халықтардың мифтерінде Ұмай Көк Тәңірінің жұбайы немесе әйелдік сыңары ретінде сипатталады. Мұндай түсініктер VII–VIII ғасырлардағы руникалық жазба ескерткіштер мәтіндерінде де көрініс тапқан. Ұмай анаға деген сенімнің ізі кейінгі дәуірлерге дейін жетіп, қазіргі түркі халықтарының мифологиялық танымында өз жалғасын тапқан.

Мысалы, оғыздар арасында Ұмай ана бейнесі дүниеге келмеген сәбидің қорғаушысы, қамқорлық пен жебеушілік қызмет атқаратын киелі рух ретінде танылған [12, 547-6.]. Түркі халықтарының Адам ата мен Хауа ана жөніндегі мифтерінде олардың саздан жаратылғаны баяндалады. Бұл аңыздың

құрылымында ғажайып туу мотивінің екі түрлі сарыны айқындалады: оның бірі – адамның топырақтан (саздан) жаратылуы, ал екіншісі – алғашқы ер мен әйелден ұрпақтың таралуы туралы идея.

Мифтердің шығу тегіне қатысты А. Қыраубаева өзінің «Ғасырлар мұрасы» атты еңбегінде адам мен әйелдің жаратылуына қатысты сарынының тарихи негіздерін нақты деректер арқылы сипаттайды. Ғалымның пайымдауынша, Адам мен Хауа ананың жаратылуы туралы діни аңыз адамзат өркениетінің алғашқы кезеңдерінде, яғни біздің дәуірімізге дейінгі мыңдаған жылдар бұрын пайда болған көне халықтардың қиял-елестерінен туындаған.

Археологиялық қазбалар барысында көне Месопотамия қалаларынан табылған бейнелер мен клинопись жазбалар бұл мифтің ежелгі негіздерін айғақтай түседі. Мәселен, Библия мен Құранда Хауа ананың Адам секілді топырақтан емес, оның қабырғасынан жаратылуы туралы мәлімет көне шумерлік мифтермен сабақтасып жатады. Шумер мәтіндерінде Энки атты құдайдың қабырғасы ауырады, ал оны Нинти есімді әйел құдай емдейді. «Нин» – әйел, «ти» – қабырға дегенді білдіреді. Кейінірек бұл бейне басқа мәдениеттерде өңделіп, «қабырғадан жаратылған әйел» ретінде түсіндірілген» [13, 24-б.]. Зерттеуші бұл тұста әйелдің қабырғадан жаратылуы туралы сарынның шығу тегі шумерлік Нинти әйел құдайының есімімен байланысты екенін нақты деректер арқылы негіздеп көрсетеді.

Жер әлемді жаулаған Шыңғыс ханның дүниеге есігін ашуы да – өзінше бір өзгеше құбылыс. Бұл құбылыс шетел ғалымдарының назарынан тыс қалмаған. В. Аллавердиеваның пайымдауынша: «Түркі эпикалық дәстүрлеріндегі маңызды эпизодтардың бірі-қолында қанмен туылу. Түріктердің эпикалық ойлауына сәйкес, кейбір батырлар ғажайып туылу арқылы, негізінен Құдайға құрбандық шалу рәсімдерінен кейін туады. Бұл батырлар дүниеге келгенде, олардың көпшілігінің қолында қан бар. Түріктер де қолында қаны бар баланың болашағы жарқын болады деп сенген. Қытай деректеріне сүйенсек, Моңғол билеушісі Шыңғысхан оң қолында қызыл тас тәрізді қан ұйығышымен дүниеге келген. Шыңғыс Ханның әкесі Есугей бұл белгіні баланың ұлы жауынгер болатынын білдіретін деп түсіндірді.» [14, 64-б.] – дейді. Яғни Түркі эпостық дәстүрлеріндегі маңызды эпизодтардың бірі – қолына ұйыған қанды ұстап өмір есігін ашу. Түріктердің эпикалық ойлауы бойынша кей батырлар ғажайып туу арқылы, олар негізінен құдайға құрбандық шалу рәсімінен кейін туады. Бұл батырлар дүниеге келгенде көбінің қолында ұйыған қан кездеседі. Түріктер де қолында ұйыған қан бар баланың болашағы жарқын болады деп сенген. Қытай деректеріне сүйенсек, моңғол билеушісі Шыңғыс ханның оң қолында қызыл тас тәрізді ұйыған қаны бар болып туылған. Шыңғыс ханның әкесі Есугей бұл белгіні бала ұлы жауынгер болады деп түсіндірген.

Сонымен қатар түрік эпостарында кездесетін тағы бір ерекшелікке баса мән берген Х. Мете өз зерттеу мақаласында: «Түрік эпосындағы сиқырлы оқиғалармен ұқсастығы бар бұл ғажайып қаһармандардың ерліктері эпостың түрлі-түсті кейіпкерлерімен, сиқырмен, айламен, қиялмен ұштасады. Эпостық шығармаларда кейіпкердің тән ерекшеліктеріне, оған қарсы болған батырларға, аспан мен қараңғы дүниенің бөтен жаратылыстарына немесе құдайлармен, жарты тәңірлермен болған жабайы шайқастарға толы ерекше күшке ие эпос» [15, 88-б.] – деп түсіндіреді. Яғни сиқырлы ертегілермен көбірек ұқсастықтары бар осы ғажайып кейіпкерлер арқылы эпос неғұрлым көркем суреттеледі. Эпостарда кездесетін кейіпкерлердің дене бітімінің ерекшеліктері мен олардың сан қилы күресте көрсететін ерлік істерін сөз ету арқылы олардың ерекше күшке ие бола алатынына куә болуға болады.

Қорытынды

Оғыз, Қорқыт туралы аңыздар мен ру-тайпалардың шығу тегіне қатысты шежірелік деректерде қаһармандардың тылсым жағдайда дүниеге келуі олардың болмысына ерекше мән үстеп, ерекше миссиясын айқындайтын маңызды мотив болып көрінеді. Мұндай баяндаулар – ілкі ата-бабалар, қасиетті әулиелер мен жасампаз қаһармандардың ғажайып тууын сипаттайтын мифтер жүйесінің бір тармағын құрайды. Әр халық өздерінің киелі тұлғаларын дәріптеу, табыну объектілерін насихаттау мақсатында осындай мазмұндағы мифологиялық әңгімелерді таратып отырған. Олардың әсерлі әрі сенімді шығуы үшін қаһарманның тылсымнан жаратылуы секілді көркемдік тәсілдер қолданылған.

Батырлар жырында қаһарман бейнесі ерекше қасиеттермен дараланып сипатталады. Бұл жанрда кейіпкердің дүниеге келуі тотемдік символикамен және ата-баба рухтарының ғажайып қолдауымен түсіндіріледі. Осылайша, эпикалық қаһармандардың ғажайып тууы олардың асқан ерлігін, адамнан жоғары мәртебесін көрсетуге арналған көркемдік құралға айналған. Уақыт өте келе бұл мотив батырлар мен ру көсемдерінің ерекше тектілігін бейнелейтін тәсіл ретінде орнығып, олардың қарапайым халықтан бөлектенген айрықша болмысын көрсетуге бағытталған.

Жалпы, адамзат мәдениетінде танымал тұлғалардың немесе құдайлық бейнелердің дүниеге келуін сипаттайтын мифтерде күн нұрынан туу мотиві жиі кездеседі. Бұл сарын тек түркі халықтарына ғана тән емес, көптеген этностар фольклорында кеңінен таралған. Ежелгі қоғамдар үшін текті нұрдан жаралу қаһарман тұлғаны қасиетті ету мен дәріптеудің басты жолдарының бірі болған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Сұлтанияұлы М.** Моңғолдың құпия шежіресі [Мәтін]. – Алматы : Өнер, 1998. – 244-б.
- 2 **Ыбыраев, Ш.** Қорқыт және шаманизм [Мәтін] // Қорқыт ата. – Алматы, 1899. – 601-б.
- 3 **Ғабдуллин, М., Сыдықов, Т.** Қазақ халқының батырлық жыры [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1972. – 338-б.
- 4 **Бердібаев, Р.** Манас және эпикалық дәстүр [Мәтін]// Фольклор шындығы. – Алматы : Ғылым, 1990. – 264-б.
- 5 **Веселовский, А.Н.** Историческая поэтика [Мәтін]. – Л.: Художественная литература, 1940. – 646 с.
- 6 **Қасқабасов, С.** Жаназық. Әр жылғы зерттеулер [Мәтін]. – Астана : Аударма, 2002. – 584-б.
- 7 **Пропп, В. Я.** Фольклор и действительность [Мәтін]. – М. : Наука, 1976. – 325 с.
- 8 **Сакенов, С.Б.** «Қазақ тарихи жырының сюжеттері (тарихилығы мен типологиясы)» атты кандидаттық диссертация [Мәтін]. – Алматы, 1998. – 194-б.
- 9 **Жирмунский, В.М.** Тюркский героический эпос [Мәтін]. – Ленинград : Наука, 1974. – 727 с.
- 10 **Ыбыраев, Ш.** Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы : Ғылым, 1993. – 296-б.
- 11 **Ыбыраев, Ш.** Қазақ – оғыз эпостарындағы тегі бір желілер және олардың өзгеруі [Мәтін] // Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы, 1981. – 272-б.
- 12 **Әзібаева, Б.У.** Казахские народные романтические дастаны [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1990. – 140 с.
- 13 **Қыраубаева, А.** Ғасырлар мұрасы [Мәтін]. – Алматы : Мектеп, 1988. – 160-б.
- 14 **Allahverdiyeva, V.** The archetype «blood» in the epic creativity of the turkic nation [Мәтін] // The scientific heritage. Philological sciences. – № 101. – 2022. – P. 62–65. – <https://doi.org/10.5281/zenodo.7340823>
- 15 **Metev, X.** Türk qəhrəmanlıq daстанlarında möcüzəvi güc motivinin epiksemantikasi [Мәтін] // Euroasia journal of social sciences & humanities. – № 7. – 2020. – P. 84–91. – <https://orcid.org/0000-0002-6003-9578>

REFERENCES

- 1 **Sultaniyauliy M.** Moñğoldıñ qupıya şejiresi [The Secret History of the Mongols] [Text]. – Almaty : Art, 1998. – 244 p.
- 2 **Ybyraev, Sh.** Korkyt zhane shamanizm [Text] // Korkyt ata [Korkyt and shamanism // Grandpa Korkyt]. – Almaty, 1899. –601 p.
- 3 **Gabdullin, M., Sydykov, T.** Qazaq halkynyn batyrlyk zhyry [The heroic song of the Kazakh people]. – Almaty : Nauka, 1972. – p. 338
- 4 **Berdibaev, R.** Manas zhane epikalyq dastur [Text]// Folklor shyndygy [Manas and the epic tradition // The reality of folklore]. – Almaty : Nauka, 1990. –264 p.
- 5 **Veselovsky, A.N.** Istoricheskaiya poetika [Historical poetics] [Text]. – L. : Fiction, 1940. – 646 p.
- 6 **Kaskabasov, C.** Zhanazyq. Ar zhylygı zertteuler [Fuel. Research every year] [Text]. – Astana : Translation, 2002. –584 p.
- 7 **Propp, V. Ya.** Folklor i deistvitelnost [Folklore and effectiveness] [Text]. – Moscow : Nauka, 1976. –325 p.
- 8 **Sakenov, S. B.** «Qazaq tarihi zhyrynyn siujetteri (tarihilygy men tipologiyasy)» atty kondidattyq dissertaciya [PhD thesis «Plots (historicity and typology) of the Kazakh historical poem»] [Text]. – Almaty, 1998. – p.194
- 9 **Zhirmunsky, V. M.** Tiurkski geroicheski epos [The Turkic Heroic epic] [Text]. – Leningrad : Nauka, 1974. – p. 727
- 10 **Ibraev, Sh.** Epos alemi. Qazaqtyn batyrlyq zhyrlarynyn poetikasy [The world of epics. The poetics of Kazakh heroic songs]. – Almaty : Nauka, 1993. – P. 296
- 11 **Ibraev, Sh.** Qazaq – ogyz epostaryndagy tegi bir zheliler zhane olardyn ozgerui // Qazaq folklornyn tipologiyasy [Ancestral lines in the Kazakh – Oguz epics and their change // Typology of Kazakh folklore] [Text]. – Almaty, 1981. – P. 272
- 12 **Azibayeva, B. U.** Kazakskiye narodnye romanticheskiye dastany [Kazakh folk romantic dastans] [Text]. – Almaty : Nauka, 1990. –140 p.
- 13 **Kyraubaeva, A.** Gasyrlar murasy [The Legacy of Centuries] [Text]. – Almaty : School, 1988. –160 p.
- 14 **Allahverdiyeva, V.** The archetype «blood» in the epic creativity of the turkic nation // The scientific heritage. Philological sciences. – № 101. – 2022. – P. 62–65. – <https://doi.org/10.5281/zenodo.7340823>
- 15 **Mete, X.** Turk kakramanlik dastanlarinda mocozaui guc motivinin epikseantikasi [The epic semantics of motif of supernatural power in Turkish heroic epos] [Text]. // Euroasia journal of social sciences & humanities. – № 7. – 2020. – P. 84–91. <https://orcid.org/0000-0002-6003-9578>

30.09.24 ж. баспаға түсті.

10.07.25 ж. түзетулерімен түсті.

21.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Н. Серикбек¹, Б. С. Сарбасов²^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 30.09.24.

Поступило с исправлениями 10.07.25.

Принято в печать 21.05.26.

МОТИВ РОЖДЕНИЯ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ В ТЮРКСКИХ ПАМЯТНИКАХ

Статья анализирует религиозные мифологические проявления древнетюркского письменного литературного наследия в древних мифах, сказаниях о «Коркыт ата», «Огуз-наме», «Чингиснаме». Вопросы изучения мотивов чудесного рождения в тюркских памятниках следует рассматривать как одну из актуальных проблем, которая привлекла внимание как фольклористов, так и ученых-исследователей истории религии и этнографов.

В статье речь пойдет об описании тотемных верований и фольклорных мифов, характерных для мифов о распространении древних огузских и тюркских племен, их рождении. Происхождение мотивов рассматривается в тесной связи с ранним мировоззрением, обычаями народа.

В статье рассмотрена функция художественного подхода, используемого в эпосах «Чингиснама», «Огузнама», «Коркыт ата», «Манас» с целью дифференциации и выделения особой личности героя в отличие от других. Будет проведен анализ мифов и легенд о рождении огузов, Чингисханов, Коркытов.

Для изучения сказаний, мотивов чудесного рождения в летописи были взяты летописи о происхождении огузских, тюркско-монгольских племен и сказания о Огузе, Коркыте, Чингисхане.

Доказано, что большинство эпизодов, связанных с чудесным рождением в эпическом наследии казахского народа, встречаются и в фольклорных произведениях тюркских, арысских народов мира. Фольклорные мотивы в тюркских памятниках относятся к одной из актуальных проблем литературной сферы.

Ключевые слова: мотив вещего сна, чудесное рождение, Тенгрианство, анимистические и тотемистические воззрения.

*N. Serikbek¹, B. S. Sarbasov²

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 30.09.24.

Received in revised form 10.07.25.

Accepted for publication 21.05.26.

THE MOTIVE FOR THE BIRTH OF HISTORICAL PERSONALITIES IN THE TURKIC MONUMENTS

The article analyzes religious mythological manifestations of the ancient Turkic written literary heritage in ancient myths, legends about «Korkyt Ata», «Oguz-nama», «Genghisnam». The issues of studying the motives of the miraculous birth in the Turkic monuments should be considered as one of the urgent problems that attracted the attention of both folklorists and scholars of the history of religion and ethnographers.

The article will focus on the description of totemic beliefs and folklore myths characteristic of myths about the spread of ancient Oghuz and Turkic tribes, their birth. The origin of motives is considered in close connection with the early worldview, customs of the people.

The article considers the function of the artistic approach used in the epics «Genghisnam», «Oguz-nama», «Korkyt ata», «Manas» in order to differentiate and highlight the special personality of the hero in contrast to others. The analysis of myths and legends about the birth of Oguz, Genghis Khan, Korkyt will be carried out.

To study the legends, the motives of the miraculous birth in the chronicle, the chronicles of the origin of the Oguz, Turkic-Mongolian tribes and the tales of Oguz, Korkyt, Genghis Khan were taken.

It is proved that most of the episodes associated with the miraculous birth in the epic heritage of the Kazakh people are also found in the folklore works of the Turkic, Arys peoples of the world. Folklore motifs in Turkic monuments belong to one of the urgent problems of the literary sphere.

Keywords: motive of prophetic dream, miraculous birth, Tengrism, animistic and totemic views.

Теруге 21.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,73 МБ RAM

Шартты баспа табағы 49,0. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4553

Сдано в набор 21.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.

Электронное издание

6,73 МБ RAM

Усл. печ. л. 49,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4553

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz